

Жаңа жыл

Тақырыбы: Жаңа жыл.

Мақсаты: Балаларға жыл басы туралы түсінік беру. Балалардың тілдік қорын байыту. Мерекеде өзін еркін ұстай білуге тәрбиелеу, ұжыммен бірге болуға дағдыландыру.

Міндеттері:

Білімділік: Жаңа жыл мерекесі жайлы түсінік беру.

Тәрбиелік: Балаларды табиғатты сүюге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Дамытушылық: Балалардың сөйдеу дағдыларын қалыптастыру, ой-қиялын дамыту.

Қатысушылар: Жүргізуші, Аяз ата, Ақшақар, Жылан, Жылқы,

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Жаңа жыл мерекесі құтты болсын!

Құтты болсын жаңа жыл, барша халық,

Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық.

Бірімізге шынайы тілек тілеп,

Бар әлемге бақытпен жар салайық!

Балалар, қараңыздаршы шыршаға ойыншықтары қандай әдемі жарасып тұр. Неткен сұлу, неткен көрікті еді. Енді балалар біздің шыршамыздың сәніне кім жетіспей тұр?

Барлығы: **Аяз ата, Ақшақар.**

Барлығы: Аяз ата мен Ақшақар.

Бәріміз бірге Аяз ата мен Ақшақарды 3 рет дауыстап ортаға шақырайық. Олар сонау алыстан жеткенше де осы болар. Өйткені олар алыстан келіп бүкіл ел ішін аралағанша да әжептәуір уақыт өтеді емес пе?! Көптен тосқан Ақшақар мен Аяз атаны біз ерекше қарсы алайық.

Барлығы: **Аяз ата, Ақшақар 3 рет**

(Аяз ата ақшақарымен музыка ырғағымен кіріп келеді)

Аяз Ата: Аяулы ата — аналар, қонақтар!

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың

Асулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан

(Балалармен амандасады.)

Ақшақар: Амансыздар ма, балалар, ұстаздар, ата — аналар. Өздерінді сағынып келдік, жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Өтіп кеткен Жылан жылымызға аман есен саулық тілеп, келер жылымыз Жылқы жылына табыс жыл, береке, бірлік әкелсін деп, тарихи жыл болсын деймін.

Ақшақар: Аяз ата қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шырша да әсем безендірілген екен. Бәрі де сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық, Жаңа жыл тойын ашайық. Барлығымыз «Шырша жан» «Шамдарыңды

жарқырат» деп айтайық. (Барлығы айқайлайды, шырша шамдары жағылады.)

Аяз ата: Бәрекелді балалар! Шыршамыз жарқырап, айналаға қуаныш сыйлауда.

Жүргізуші:

Жаңа күнде ән қылып,

Тек жүрмеңіз сән құрып.

Көңілдердей қартаймай,

Шырша тұрар мәңгілік— деп балаларымыздың жаңа жылға арналған тақпақтарын қабыл алайық.

1).Айбибі: Жылдың әнін бастайын,

Аяз- Ата кеп қалды.

Майысады жас қайың,

Көтере алмай көп қарды.

2).Кемел: Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жаңа-жыл

Ата-әже, ата-әже

Құтты болсын жаңа жыл.

3).Айару:Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан,

Аяз ата оралып.

Ақшақар: Балалар менің сендерге жұмбақтарым бар? Сендер жұмбақ шешкенді жақсы көресіңдер ме?

1).Қыста ғана болады,

Ұстасан қолын тонады. (қар)

2).Суға батпайды,

Отқа жанбайды. (мұз)

3).Қанттай ұсақ, сүттей ақ,

Не екенін ойлап тап. (қар)

4).Түнде әйнекке қонады,

Әсем ою ояды. (аяз,қырау)

Ақшақар: Жарайсыңдар, балалар! Жұмбақтарды жақсы шешеді екенсіңдер.

Жүргізуші: (Музыка ырғағымен жылан жылы шығады)

Балалар ортамызға бізбен бір жыл бірге болған Жылан жылын шақырайық. Ескі жыл қайдасың?

Жылан:

Қилы-қилы заман бар,

Жылан жылымын қараңдар.

Қош айтысып қалайын

Кетіп барам жараңдар!

Жүргізуші: Ескі жыл сен жаңа жылымыз келгенше бізбен бірге бол. Көңіл көтеріп, ән салып, ойын ойнайық.

Жүргізуші:

Әнші де құс үні бар,

Кірсең кештің сәні бар.
Салайықшы шарықтап.
Жаңа жылдың әніне
Ал ағайын тұрмайық
Жаңа жылды жырлайық.

Ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Балалар тақпағын қабыл алайық.

4).Жасмин

Қалып едік сағынып,
Күтіп алдәк жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп

5).Абдурахман

Аяз Ата ойды қырды
Аралап жүр түгел шолып.
Қайда қызық болса думан,
Аяз Ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

6).Хамза

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жол болсын.

7).Эмилия

Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған,
Міне, сұлу шыршамыз.
Көптен күтіт, сағынған,
Кел, балалар, келіндер,
Тамашаны көріңдер.

Жүргізуші:Жарайсыңдар,балалар!Ендеше қыздарымыздың Жаңа жылға арналған биін тамашалайық!

БИ: «Ақшақар»(қыздар)

Жылан жылы: Сіздердің Мен ескі жылмын сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға айтар тілегім.

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2026 жыл қадам басқан
Гүлденіп көркейе бер Қазақстаным.
Келесі жыл бастауын Жылқыға берем.

Мен тағы бір қонақпын
Он екі жылда оралар
Үлкендерге ақ ниет
Сіздерге де ақниет
Сіздерге де мың рахмет.

Барлығы: Қош бол, Жылан, қош бол!(Сахнаға жылқы шығады)

Жылқы билейді балалармен.

Жылқы: Сәлеметсіздер ме, кешіккен жоқпын ба, мен сондай асықтым, сондай жүгірдім, кешігем деп қатты қорықтым, уақытында жеттім бе?

Ақшақар: Қош келдің жаңа жыл!

Аяз Ата: Ал айналайын жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін. Мынау менің ұлдарыммен қыздарым, мынау халқым саған аманат. Он екі ай бойы бағып қағу сенің мойнында. Жақсы жыл бол, жаңа жыл.

Аяз ата: Төрімізге шық. Бірімізге жаңа бақыт, жаңа қуаныш ала кел.

Жылқы: Құрметтеріңізге рахмет. Шын көңілмен жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын. Байқаймын барлықтарыңыз да мерекеге жақсы дайындалыпсыздар.

Жүргізуші: Иә, барша балалар жаңа жылды қарсы алуға келіп тұр.

Жүргізуші: Балалар ойыны

Ойын: Жылан мен Жылқы . Балалар жарысады. Дөңгелек шеңберге отырып , жүреді. Кім бірінші мәреге жетеді, сол сыйлыққа кенеледі.

8). Әли

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам он болсын

Төрле Төрле Жаңа жыл

Бізге Құтты жыл болсын

9). Меруерт

Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады катады

Жылтырап жатады.

10). Амира

Аралайды бақшаны

Үзілмейді жақсы әні

Гүлденеді бақшалар

Жауса, жаусын Ақшақар!

11). Лейла

Жаңа жылда бақшамыз,

Гүлдей болып жайнасын.

Аман болсын барлық бала,

Шат - шадыман ойнасын.

12).Медина

Жасыл шырша орманнан,

Бізге арнайы келіпті.

Ойыншығын балалар,

Шыршаға әсем іліпті.

Жүргізуші: Келесі біздің әнімізді қабыл алыңыздар!

Ән: «Аппақ қар»

Аяз ата: Әндерің өте тамаша! Ал енді біз кетпестен бұрын бүлдіршіндеріміз бізге тағы не әзірледі екен соны көрейік.

Жүргізуші: Әрине, ендеше біздің ұлдарымыздың биін тамашалайық!

Би: «АязАта»(ұлдар)

Аяз ата: Жаңа жылдарыңызбен достар, шанамызға мінейік, Ақшақарым, алда барар әлі қаншама ел мен жер бар.

Ақшақар: Жаңа жылда сіздердің барлығықтарыңызға жақсылық тілеймін.

Барлығы: Қош бол, Аяз ата, Ақшақар, Аяз ата ақшақар.....

Жүргізуші: Барлық жандар бір тілекке қосқан үн

Бақыт боп бастады жыл дастанын

Қуанышпен келді той боп жаңа жыл.

Құтты болсын жаңа бақыт достарым.

Жаңа жылдық ән бұл мерекенің соңғы сәтті болады.

Балалар ортаға Жаңа жылымыз Жылқымен Флешмоб билейік.

Флешмоб: Топпен. Аяз ата кіріп келіп, биге қатысады.

Жүргізуші: Балалар сендер өте тамаша өнерлеріңді көрсеттіңдер! Сендер Жаңа жылдық сыйлық алуға лайықсыңдар! Аяз ата мен Жылқы сыйлықтарды үлестірейік! Жаңа жылдарыңыз тағы да құтты болсын.

Сау болыңыздар!



Гөрағасы: Н.А.Байхатова
Хатшы: А.Е.Уаспова

